

Сабақтың тақырыбы: «Жоба деген не? Жобалау негіздері. ҚР-дағы жобаларға арналған платформалар. Краудфандинг платформалары».

Сабақтың мақсаты: жобалық қызмет, жобаларды орындау кезеңдері туралы білімді қалыптастыру. Танымдық қабілеттерін, жобаны талқылау және қорғау қабілеттерін дамыту. Эстетикалық талғамға тәрбиелеу, оқушылардың практикалық міндеттерді талдау және шешу үшін абстрактілі технологиялық білім мен дағдыларды қолдану мүмкіндіктерін ұғыну.

Күтілетін оқу нәтижелері: волонтерлік сегіз бағыттар бойынша жобаларды өз бетінше жазуды үйренуі.

Дағдылар мен дағдылар:

- Жобаның қызметін түсіндіру;
- Берілген бағыт бойынша жобу жазу үйрену,
- Топта жұмыс істеу, көпшілік алдында сөйлеу;
- Жобаны пичинг әдісі бойынша қорғауды үйрену.

Құрал-жабдықтар, педагог үшін: магниттік тақта, компьютер; көрнекі материал (*ұғымдар, балаларға арналған әрекет алгоритмі*).

Оқушылар үшін: А3 өлшемді қағаз парақтары, ноутбук немесе планшет (*телефон, қарапайым қарындаш, өшіргіш*), шығармашылық жобалардың дизайн-қалталары, қарындаштар немесе киізден жасалған қаламдар.

Негізгі қолданылатын ұғымдар:

- Жоба,
- Әлеуметтік жоба,
- Краудфандинг,
- Краудсорсинг,
- Коллаборация,
- Мастермайнд,
- Пичинг.

Сабақтың барысы:

1.Сәлемдесу (5 мин.)

Мұғалім: Қайырлы күн, құрметті оқушылар! Оқушылар көңіл-күйін көтеру үшін «*Орын ауыстыр*» әдісі жүргізіледі.

2. Тақырыпты, оқу нәтижелерін және сабақ барысын жариялау.

- Сіздермен бірге «Жоба деген не? Жобалау негіздері. ҚР-дағы жобаларға арналған платформалар. Краудфандинг платформалары» тақырыбын өтіп, біз жобаның (идеяның) пайда болуынан бастап шағын топтарда жұмыс істеу әдісімен пайдалы нәтиже алуға дейінгі әлеуметтік жобаны құру процесімен танысамыз. Қазіргі таңда волонтерлік жобалар көптеуде. 2020 жылдың аясында волонтерлік сала бойынша 8 бағыт қарастырылды. Бәріне таныс білім бағыты бойынша «Virgemiz bilim» жобасы қаламызда орын алды.

Тақырыпты ашпас бұрын термин сөздер мен таныстару қажет.

Термин сөздер: жоба, әлеуметтік жоба, коллаборация, мастермайнд, пичинг, краудфандинг, краудсорсинг.

-Қалай ойлайсыздар жоба деген не? Осындай жобалардың орын алу мақсаты неде? (*Оқушылар өз ойын айтады*).

Жоба – белгілі бір мақсатқа жетуге, кез-келген мәселені шешуге бағытталған шығармашылық қызмет.

Әлеуметтік жоба – бұл мәселені шешуді қажет ететін өзекті әлеуметтік проблемаға негізделген нақты іс-қимыл бағдарламасы. Жобалау-сапалы әр түрлі жұмыс түрлерін біріктіретін кешенді әр түрлі қызмет (*ақпарат жинау, талдау, қызметті жоспарлау және бақылау, адамдармен тікелей өзара іс-қимыл жасау және практикалық қызметті қамтамасыз ету*).

Жобаның негізгі белгілері:


- көптеген өзара байланысты іс-әрекеттерді үйлесімді орындау;
- бірегейлік;
- уақытша сипат, нақты белгіленген басы мен соңы бар уақыт шектеулігі;
- мақсаттардың, міндеттер мен нәтижелердің нақтылығы – әзірлеу және іске асыру процесінде біртіндеп нақтылау;
- жобаның бірегейлігінің салдары болып табылатын және жобаның параметрлерін дәл тұжырымдауға мүмкіндік бермейтін белгісіздіктің болуы;
- дәйекті даму;
- топты (*қатысушылар командасын*) тәлімгер (*тьютор, фасилитатор*) арқылы үйлестіру.

Краудсорсинг (ағылшынша crowdsourcing, crowd — «адамдар тобы» және sourcing — «ресурстарды пайдалану») — белгілі бір мәселені шешу үшін адамдар тобының шығармашылық қабілетін, білімін, тәжірибесін ерікті түрде пайдалану.


Коллаборация дегеніміз – екі немесе одан да көп адамдардың немесе ұйымдардың ортақ мақсаттарға жету үшін бірлескен іс-әрекеті, онда білім алмасу, оқыту және келісімге (консенсусқа) қол жеткізу.

Краудфандинг – бұл жеке адамдардың немесе ұйымдардың (*алушылардың*) белгілі бір жобаларын қолдау үшін өз қаржысын немесе басқа ресурстарын өз еркімен біріктіретін адамдардың, донорлардың ынтымақтастығы. Мұндай қаражат жинау ғылым, мәдениет және бизнес салаларында танымал бола бастады. ҚР – дағы крайндфандинг платформалармен танысу жүргізу. (*Краундфандинг платформалары мен таныстыру*)


1. Patreon



2. Kickstarter



3. Enactus Kazakhstan



Краудфандинг қалай жұмыс істейді? Қайырымдылық краудфандинг қайтарымсыз берілетін қаражат. Әлеуметтік жоба (балалар, қарттар үйі) краудфандинг арқылы қаражат алады. Сонымен қатар қаржының орнына тауар ұсынатын краудфандингте бар. Мысалы: кітап шығарып жатсаңыз, инвесторға басылымыңыздың көшірмесін ұсына аласыз.

Білім беруде краудфандингті қолданудың үш бағытын бөлуге болады: жеке білім алу үшін қаражат жинау, білім беру жобаларын іске асыру үшін оқытушылардың қаражат жинау, жаңа білім беру өнімдерін жасауға қаражат жинау.

-Мастермайнд дегеніміз не? Мастермайнд - бұл бір-біріне қолдау көрсету, жеке және кәсіби мәселелерге көмектесу үшін үнемі бірге жұмыс жүргізетін адамдарға арналған топтық формат.

Мастермайнд тобы - өз мақсаттарына жетуге, қиын сәттерде жаңа тәжірибе мен қолдау алуға көмектеседі. Артықшылығы:

- Өзара қолдау.
- Басқа көзқарастар.
- Ресурстар, байланыстар болады.
- Нетворкинг және жылжыту.

Питчинг – қандай да бір жобаның ауызша немесе визуал презентациясы. Питчинг ережесі:

- 1.Жобаны 5 минуттан артық қорғамау.
- 2.Презентация дизайны үйлесімді болуы (сөздер шрифті, түстер үйлесімділігі).
- 3.Презентация бетінің саты артық дегенде 7 болу керек.

-Ал енді, «Әлеуметтік грант» ойының ойнап көрейік. Сіздерге жоба жазу үшін әр параграфты түсіндіріп өтейін. *(Жоба жазу әдісін түсіндіріп, үлгі жоспар таратылады).*

Сарамандық жұмыс: Оқушылар 2 топқа бөлінеді. Оқушыларға түрлі түсті стикерлер таратылады. Стикерді таңдап алған соң оқушылар падлет бағдарламасында таңдаған түстер бойынша берілген бағыттарға жоба жазады. *(оқушыларға үлгілер таратылады сол бойынша жоба жазады).*



Үлгі:

Жоба атауы	Ayala
Жоба бағыты	Үйсіз жануарларға көмектесу.
Мақсаты <i>Сіздің жобаңыз не үшін қажет? Жоба қандай мәселені шешеді?</i>	«Человек и питомец» қоғамбірлестігіне иттердің үйшігін жасап беру, тамақпен қамтамасыз ету, Жасөспірімдер бойында жанашырлық, қамқорлық сезімдерін қалыптастыру.
Жоба бойынша ұсынылатын қызметі <i>Жобаны іске асырудың қадамдық алгоритмі. Қандай іс-шаралар өткізесіз?</i>	Қала мектептері бойынша «ЧиП» қоғамбірлестігіне көмек көрсететін акция ұйымдастыру. Акция барысында 50 үйшік жасау.
Жоба аудиториясы <i>Сіздің жобаңыздан кім пайда көреді?</i>	Мектеп оқушылары, ата-аналары
Жобаның әлеуметтік әсері және күтілетін нәтижесі <i>Сіздің жобаңыз қандай пайда әкеледі?</i>	Үйсіз жануарларға көмектесу. Оқушылардың, педагогтардың, ата-аналардың жұмысын біріктіру. Оқушылардың назарын "біздің кішкентай бауырларымыздың" қамқорлығына аудару.
Қоғамды ақпараттандыру <i>Адамдар жоба туралы қалай біледі</i>	Интернет желі бойынша ақпараттандыру, қалалық телеканал бойынша жаңалық шығару.
Жоба серіктестері <i>Серіктес ретінде қандай ұйымдар мен мекемелерді тартуды жоспарлап отырсыз</i>	«Человек и питомец» қоғамбірлестігіне, қала мектептері.
Әлеуметтік жобаның кемшіліктері <i>Жобаның барысы мен нәтижесіне қандай факторлар әсер етуі мүмкін</i>	Қатысушылар көлемінің аз болуы.


(Сарамандық жұмысқа 15 мин. беріледі. Тапсырманы орындап болған соң оқушылар бір-біріне сұрақ қойып, бағалап өтеді. Оқушылардан кейін мұғалім топтардық жұмысын берілген критерий бойынша бағалап өтеді.

Критериалды бағалау үлгісі:

Атауы	Ұпайлар	1	2	3	4	5
Мәселенің өзектілігі мен маңыздылығы						
Жобаның қол жетімділігі						
Іс-шаралар қызметтің тиімділігі						
Аудиториямен өзара әрекеттесу сапасы						

Рефлексия: Оқушылардың білімін және сабақтың өту деңгейін Wizer.me бағдарламасы арқылы тексеріледі.

Заданное значение (1) ...



Белгілі бір мақсатқа жетуге, кез-келген мәселені шешуге бағытталған шығармашылық қызмет...

Краудсорсинг Жоба Коллаборация